

ЖШС «Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітінді: 
Балабақша меңгерушісі: Л.Бакешова

Тексерілді: 
Балабақша әдіскері: А.Айгабыл

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

*Тақырыбы: «Балабақшада баланың тілін дамытуда
қолданылатын әдістер»*

«Балнұр» ортаңғы тобы
Тәрбиеші: Сағындықова Мәліна
Өтілген күні: 29 қараша 2022 жыл.

2022-2023 оқу жылы

«Балабақшада баланың тілін дамытуда қолданылатын әдістер»

Ашық есік күні

Мақсаты: Ата-аналармен бірлесіп отырып балабақшада ойын арқылы балалардың тілін дамыту. Зейінін тұрақтандыру, ойлау қабілетін арттыру. Ата-аналарға балабақша жұмыстарымен таныстыру.

Балаларды қабылдау: ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру. Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру (**сөйлеуді дамыту**) Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.

Балалардың дербес әрекеті: *үстел-үсті ойындар.* «Баулармен ойын», «Сәйкесін тап» ойыны, «Үйшік» бизиборт ойыны, «Түсіне қарай ажырат» ойыны.

Танецтеңгі жаттығу. ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындау. «Көңілді жаттығу» әуенді-ырғақты жаттығу жасау.

Таңғы ас. Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (*мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті*)

Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін ас қайтару және алғыс айтуды пысықтау (*сөйлеуді дамыту*).

Ұйымдастырылған іс әрекет: Шаттық шеңбер: Достарымның барлығын
Сыйлап жақсы көремін
Алақаным арқылы
Жылуымды беремін

(Алақандарымен бір-біріне жылулық сыйлайды) Балалардың көңіл-күйін сұрау.

Музыка: «Жанбыр» ойыны (саусақ жаттығуы) Сылдырмақпен ән салу. Әуен ырғағына қарай қимылдар жасау.

Көркем әдебиет: «Шалқан» ертегісін айтып беру (үстел-үсті театры арқылы). Балаларды рөлдерге бөліп ойнату. Шалқан – Бек

Ата- Асан

Әже-Б.Медина

Қызы-Н.Медина

Игі – Нұрислам

Мысық – Әмина

Тышқан - Иман-Жүсіп

Ертегі кейіпкерлермен бірге ойын орталықтарына бөліну:

«Шалқан» ойын ортасы : «Шалқанның суретін аяқта» ойыны - ермексаздың көмегімен боялмаған бөліктеріне жағу арқылы бояу (шығармашылық дағдыларын дамыту)

«Құтқарушылар» ойын ортасы: Қакпанға түскен үй жануарларына көмектесу.(қоршаған орта)

«Моншак жасау» ойыны: ертегідегі қызға моншак жасаймыз. (ұсақ қол моторикасы)

«Пішіндер» қақпақтармен ойын: Түсіне қарай пішіндер құрастыру (құрастыру)

Серуен. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).

Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Қимылды еркін ойындар «Паравоз» ойыны.

Түскі ас. Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

Күндізгі ұйқы. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)

Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы «Бауырсақ» ертегісін тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату.

(көркем әдебиет)

Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары. Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру (дене жаттығулары мен массажды кілемшелермен жүргізу)

Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Тарақты пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)

Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).

Бесін ас. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

Психологтың жұмысы: «Шар үрлеу» ойыны: тыныс алу жаттығулары. Шарды барынша үрлеп жару.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) Балалардың қалауы бойынша еркін ойындар.

«Аңдардың дыбысын сал!» ойыны: ортадағы кез-келген суретті карточканы тандап алады. Суреттегі аңды атап, оның дауысын, қимылын салу.

«Түсіне қарай жинақта» қимылды ойыны: түрлі түсті доптарды түсіне қарай үйшіктерге жинау.

«Дәл көзде!» ойыны: дәл көздеп доптарды лақтыру (дене шынықтыру)

Кешкі ас. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) Бүгінгі күнді қорытындылау. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойыны. Балалардың бүгінгі күні қалай өткендігі жайлы сұрау.

Балалардың үйге қайтуы. Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру

"Балабақшада бағанның тілін дамытуда қолданылатын әдістер" Ашық есік күні



"Бағанның тілін дамытуда қолданылатын әдістер"



ортаның тобы Тәрбиеші: Сағындықова М.

“НҰРАЙ” жеке балабақшасы

Бекітілді: *Ваня*
Балабақша меңгерушісі: Л.Бакешова

Тексерілді:
Әдіскер міндетін уақытша атақарушы: Мустафаева А.

«КӨҢІЛДІ ШАР»

“Балнұр” ортаңғы тобы
Тәрбиеші: Сағындықова Мәдина

2023 жыл

Тақырыбы: «*Қоңілді шар*»

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Міндеті: - Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;

- Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;
- Таяқшамен, гимнастикалық тақтайшамен жаттығу түрлерін орындау;
- Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу.

Әдіс тәсілі: - барабан әдісі, Ойын әдісі

Қажетті құралдар: шарлар, барабан, сакиналар (обруч), гимнастикалық орындық, тақтайшалар, таяқшалар, матрас, доға (арка), арқан, тақия, т.б.

Барысы:

1. Нұсқаушының бастамасымен бір-бірден сапқа тұрып, марш ырғағымен алға қарай жүріп келу.
2. Ортаға шеңбер бойына тұру. Ортаға қарай жиналып шапалақ соғу. Кері қарай жүріп бастапқы қалыпқа тұру.
3. Бір орында тұрып айналып, аяқты көтеріп тұру. (2 рет)

Негізгі қимылдар:

Таяқшамен жаттығу: - таяқшаны алақан арасында айналдыру;

- Таяқшаны жерге қойып аяқпен айналдыру;
- Қоянға ұқсап таяқша үстінен алға, артқа секіру.

Гимнастикалық ойындар: сакиналардан секіру, 50 см-лік доғаны еңбектеп өту, гимнастикалық орындық үстімен бақаларға ұқсап секіріп жүру, матрас үстімен секіру. (2 рет)

Ортаға әуен ырғағымен Сайқымазақ қонаққа келеді.

Сайқымазақ: Сәлем, балақайлар! Қандай керемет кішкентай спортшылар, көңіл күйлерің қалай? Мен сендердің спортпен айналысып жатқандарыңды сырттарыңнан көріп қатты қызығып кеттім. Мені де қатарға қосыңдаршы.

Нұсқаушы: Қош келдің сайқымазақ! Кел, бізбен бірге спортпен шұғылданып, бойына күш жинап ал!

Сайқымазақ: Алақай, спортшы балақайлар рақмет сендерге! Керемет, менде спортшы боламын! Балалар, мен құр қол келмедім! Менің сыйқырлы қапшығымда көңілді шарлар бар!

Нұсқаушы: Ой қандай керемет! Балалар, көңілді шармен ойнау үшін бізге тақтайшалар қажет болады. Ең алдымен тақтайшаны алып, шеңбер бойына тұрайық. Өз түстеріне қарай тақтайшаларды тандап алайық!

Балалар тақтайшаны өздері алып келіп, шеңберге тұрады. Балаларға сайқымазақ көңілді шарлар таратып береді.

Нұсқаушы: Қолымызға шарды аламыз
Жоғары қолды созамыз
Оңға қарай иіліп
Солға қарай иіліп
Бойымызға күш жинап
Біз шынығып аламыз!

Гимнастикалық тақтайшамен жаттығу:

- Шарды қолдарына ұстап тақтайша үстіне оң аяқ, сол аяқ көтеру. (3 рет)
- Шарды жоғары көтеріп тақтайша үстіне мініп түсу. (3 рет)
- Тақтайша үстіне отырып қолды алға созып, шарды аяқтың ұшына жеткізіп созылу (3 рет)

«Көңілді паравоз» ойыны:

Тақтайша үстінде Паравоз болып отыру. Шарды жоғары көтеріп алдындағы келесі балаға беру. Осылайша шарларды қапшыққа жинау. Содан соң барып тақтайшаларды жинақтау.

«Тақия тастамақ» ойыны.

Балалар шеңбер болып отырады. Нұсқаушы тақияны бір балаға береді. Ол тақияны өзі таңдаған балаға тастайды. Тақияны алған бала қуа жөнеледі. Солай ойын жалғасады.

«Көңілді шарлар» ойыны: Сайқымазақ жүргізеді.

Балалар қызыл, сары болып екі топқа бөлінеді. Себеттегі түрлі түсті допты алып түсіне қарай кілемшені секіріп отыра өз қатарына орналастырып жинақтайды.

Сайқымазақ: Балалар, сендер керемет спортшылар екенсіңдер. Мен енді үнемі спортпен айналысып отырамын. Сендермен барлығы көңілді болды. Менің сендерге алып келген көңілді шарларды өздеріңе үлестірейін. Менің қайтатын уақытым болды, сау болыңдар, балалар!

Сайқымазақпен қоштасу.

Қорытынды:

- Менің кішкентай спортшыларым, керемет. Балалар, бүгінгі жаттығулар сендерге ұнады ма?
- Бізге қонаққа кім келді?
- Ол бізге не сыйлады?
- Қане қонақтармен қоштасамыз!

Менің кішкентай спортшыларым, сапқа тұр! Алға қадам бас! Марш, кеттік ендеше. (сахна сыртына шығып кетеді)



**Көңілді шар
«Аудандық ашық
есік күні»**

**«Балнұр»
ортаны тобы**

**Тәрбиеші:
Сағындықова Мадина**

16.02.2023ж



«Тұрап» жеке балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
Д.Бакшова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:
А.Айтабыл

«Ою ойғанның ойы ұшқыр»

(Ашық ойын іс әрекеті)

«Балнұр» ересек тобы.

Тәрбиеші: Жәдігер С.

2023-2024 оқу жылы

Ою ойғанның ойы ұшқыр

Максаты: Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін білу, мақал – мәтелдер арқылы баланың бойына сіңіру, ұлттық тәрбие беру. Балалардың ұлттық ою-өрнектер туралы білімдерін тереңдетіп халықтың салт-дәстүріне қызығушылықтарын ояту. Алған түсініктерін қалыптастырып, ой өрісін, саусақ қол маторикасын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, дидактикалық ойындар, мақал мәтелдер, сұрақ-жауап.

Жүргізуші: Қайырлы күн, балақайлар! Бүгінгі көңіл күйлерін қалай?

-Керемет

Ендеше балалар осындай керемет көңіл күймен бүгінгі «Ою ойғанның ойы ұшқыр» атты оқу іс әрекетімізді бастаймыз.

Балалар, мұнда қараңдаршы мына жерде біз нелерді көріп тұрмыз?

-Оюларды.

Я дұрыс айтқасындар, Қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі – ұлттық ою-өрнектері.

Ою – өрнек ұрпақтан - ұрпаққа тарап, жалғасып келеді.

Оюдың түрлері өте көп. Мысалы: «Қошқар мүйіз», «Сынық мүйіз», «Итқұйрық», «Ботакөз», «Қазмойын», «Құсқанаты».

- Бұл ою түрлерін біз қай жерде кездестіреміз?

-Бұл ою түрлерін ұлттық киімдерде, зергерлік бұйымдарда, ыдыс – аяқтарда, үй мүліктерінде кездестіреміз.

Әр бір оюдың түпкірінде терең мағына жатыр.

Ою-өрнектер негізінен төрт түрге бөлінеді: жануар тектес, өсімдік тектес, ғарыштық, геометриялық.

Бұлай бөлінуінің өз себебі бар жануарға, оның мүйізіне табанына ұқсас оюларды жануар тектес, гүлге, жапыраққа, ағашқа ұқсас оюларды өсімдік тектес, геометриялық фигураларға ұқсас оюларды геометриялық, айға, жұлдызға, аспан денелеріне ұқсас оюларды ғарыштық деп атаған.

Әр бір оюдың түпкірінде терең мағына жатыр.

Мысалы, «қошқармүйіз» - молшылықты білдіреді, «түйе табан» - алыс сапар белгісін білдіреді, «ит құйрық» оюы- жақын аралықты білдіреді, «құс қанаты» оюы – құстай самғай беруді білдіреді, «шенбер» оюы -жарық өмір жолы дегенді білдіреді.

-Балалар, сендер ою туралы мақал- мәтелдер, тақпақтар білесіңдер ме?

-Иә.

- 1 Ою ойғанның, ойы ұшқыр.
- 2 Өнер сыры өрнекте.
- 3 Өнерлі өрге жүзеді.
- 4 Ою ойған –сызу да сызады.
- 5 Оюды оя алмаған ойланбаған.

Аңыз болып жоғалмай сан ғасырға
Салт- дәстүрі, халқымның жалғасуда.

Қазақта бір ою бар –«Қошқар мүйіз»
Орын алар тұрағы, көрпе – киіз
Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде
Көз тартып құбылады оюымыз.

Ою өрнек әлемі
Бүгінгі күндей сақталған
Күнде көріп жүреміз,
Ұрпақтарға жалғасқан.

Шай ішетін қоюлап,
Жақсы көрем атамды.
Сырмақ ойған оюлап,
Жақсы көрем апамды.

Жаңылтпаштар.

1.Сағат сығырлайды-
Сырға сығырлайды.

2.Оюға ою өрнектен, Үйрет өстіп қолды ештеп.

(Бір кезде әжелер кіреді).

Бір әженің қолында сандық болады. Іші толған кесе, балалардан сырттан оюлап безендіріп беруін сұрайды.

Ал екінші әженің қолында кілемше болады. Балалардан кілемшеге түрлі түсті оюды салып тігіп беруін сұрайды.

Балалар әжелерге көмек береді. Қалыған дамытушы орталыққа бөлініп отырады.

1 топ «Ғажайып кілемше» ойыны

Шарты: Балалардың алдарына үлкен кілемше тесілген түрлі түсті оюлар және түрлі түсті жіптер беріледі. Балалар жіппен оюдың түстерін сәйкестендіріп кілемше тігеді.

2 топ «Сиқырлы ою» ойыны

Шарты: Балаларға оюдың суреті беріледі. Қылқалам арқылы түрлі түсті бояумен оюдың суретін салады.

3 топ «Ғажайып тактайша» ойыны.

Шарты: Әр балаға тактайша, таяқша, жіп және карточка беріледі. Сол карточкіге қарап бала қалаған түрлі түсті жіппен ою тігеді.

4 топ «Ғажайып кесе» ойыны

Алдымен қайшымен жұмыс істеу ережесін естеріне түсіру:

1. Қайшының ұшын жоғары ұстауға болмайды, төмен қаратып қию керек.
2. Қайшыны үстел шетіне қоймау керек,
3. Досына қайшы бергенде жабық күйінде сақинасын қаратып беру керек.

Шарты: Берілген оюларды қнып, желім арқылы кесеге жапсыру.

(Әр топтан барып бір баладан қандай ойын ойнағанын сұрау.)

Балалар шеңберге жиналып «Ою құрастыру» ойынын ойнайды.

Бірнеше бөліктен тұратын оюды балалар құрастырады. (құрастырып болған соң қандай ою құрастырғанын сұрау).

Қорытындылау.

- Балалар, бүгін сендер қандай ою –өріекпен таныстындар?

-Әжелермен не жасалындар? Кілемшеге қандай ою тіктіңдер?

Қандай оюдың суретін салдыңдар?

-Қандай оюды қнып жапсырдыңдар?

-Нені әсемдедіңдер?

*«Нұрай» жеке балабақшасында
өткізілген ашық ойын іс-әрекеті*

Анықтама

Өткізілген күні 21.02.2024

Тобы: «Балтұр» ересек топ

Тәрбиеші: Жәдігер София

Татқарыбы: «Ою ойғанның ойы ұшқыр»

Ашық іс-әрекеті кiрiктiрiлген ойын iс-әрекетi болды. Тақырыпты тереңігімен аша білді. Ойын іс-әрекетін өткізу барысында балалардың түсініктерін кеңейтіп, есте сақтау дағдыларын жетілдірілген, еркін сөйлеу сұраққа жауап беруді үйренген. Сандарды санап, кері санауды және де жетістікті бағдарлау меңгеріп тұр. Ұлттық құндылықты бойына сіңіре отырып дағдысына қалыптастырды. Тәрбиешінің балалармен жұмыс жасаған қызметі көрінуде. Балалардың қызығушылығын арттырып, ойын барысында көрнекіліктермен, үлестірілмелі материалмен балалар жұмыс жасауда. Ашық ойын іс-әрекеті өте жақсы деген бағада.

Әдіскер:  А.Айтабыл



“Балпыр” ересек тобы

“Ою ойғанның ойы үшкыр”

2024 жылы



«Нұрәлі» жекке балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
Д. Бакешова.

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:
А. Айтабыл

«4 саны және цифры»

(Ашық ойын іс әрекеті)

«Балнұр» ересек тобы.

Тәрбиеші: Жәдігер С.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «4 саны және цифры»

Мақсаты: Балаларды 4 санымен және цифрлармен таныстыру. 4 цифрының сандық қатардағы орнын анықтау. 4 цифрын өзге цифрлар арасынан табу. 4-ке дейін ретімен санауға және кері санауға үйрету. Баланың зейінін дамытуға ықпал ету.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ – жауап, ойын ойнау.

Қажетті көрнекі құралдар: суреттер, цифрлар, т.б.

Ұйымдастыру: Сәлемдесу.

- Балалар, бүгінгі көңіл күйлер қандай?
- Тамаша.
- Одан сайын көңіл күйлерін керемет болу үшін, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр.

Төрт аяғы бар жүре алмайды.
Не жатып бір дем алмайды. (Орындық)
(Орындықты көрсету)

- Енді орындықты төңкеріп қояйық. Неге ұқсайды? /4 санына/

Балалар бүгін біз 4 санымен танысамыз.

Балалардың көмегімен 4 санын ашу/ 3 тен кейінгі сан 4 саны екен. 4 саны бірліктен құрылады.

Санаймыз 1 2 3 4

Кері санау 4 3 2 1

- 4 санына байланысты ұғымдарды айтатын болсақ. Суреттер көрсету.

Мысалы: Төрт түлік мал. (Түйе, сиыр, жылқы, қой)

- Бір жылда неше жыл мезгілі бар?

-Төрт жыл мезгілі бар. Қыс. Көктем. Жаз. Күз.

-Машинаның неше дөңгелегі бар?

- Машинаның 4 дөңгелегі бар.

- Балалар, мен сендермен қызықты ойын ойнағым келіп тұр.

-Менің қолымда не көріп тұрсыңдар?

-Домбыра. Домбыра қазақтың ұлттық аспабы.

-Біз қазір «Сықарлы домбыра» ойынын ойнаймыз. Мен домбыраны шертем, ал сендер мұқият қарап, тыныш айтасыңдар неше рет шерткенімді.

- Балалар, мен сендермен тағы ойын ойнағым келіп отыр. Қазақ халқымыздың ұлттық ойыны бар «Сақина салмақ» деген, сол ойын желісімен біз қазір ойын ойнайтын боламыз. Қоржанның ішінде сандар жазылған сақиналар бар. Өр бала бір сақинадан алып, саусағына тағып, сақинада неше саны жазылып тұрғанын айтады. Сағына байланысты топқа бөлінеді.

1 саны бар сәкинаны алған балалар, 1-ші үстелге келеді. 2 саны бар сәкинаны алған балалар, 2-ші үстелге келеді. 3 саны бар сәкинаны алған балалар, 3-ші үстелге келеді. 4 саны бар сәкинаны алған балалар, 4-ші үстелге келеді.

Әр үстелге барып түспідрме жұмыстарын айтып шығам. Ал енді балалар ойынымызға күресеміз.

1-ші топ. Эксперимент жасайды.

«Сызырлы бөжулар» ойыны.

Шарты: Түрлі түсті бөжуларды санның түсіне қарай тамшыларын тамытады.

2-ші топ. Тұзбен жұмыс.

«Ғажайып сандар» ойыны.

Шарты: Суусықпен жасырылған санды іздейді. Тапқан санды алдында тұрған парикетары сандарын тауып белгілейді.

3-ші топ «Ғажайып сандар» ойыны.

Шарты: Алдарына берілген ақ қақпақтарға, қысықшы арқылы жұмсақ кішкентай домлақтарды санына қарай орналастырады.

4-ші топ «Ойлан тап» ойыны.

Шарты: Алдарына берілген карточкіге қарап, түрлі түсті тастардан сандар құрастырады.

Әр үстелден 2 баладан ойындаған ойын туралы сұраймын.

Балаларды ортаға жанап алам.

Қорытынды.

«Сызырлы қорапша» ойыны. Шарты: Балалар біртіндеп шығып суреттер бейнеленген қорапшаны лақтырып, суретке қарап, қандай сурет, нешеу екенін айтып беру және сол санға секіру.

Логикалық есеп. Балалар кішкене ойлап жібереікші мен сендерге қызықты логикалық жұмбақ айтуым келіп тұр.

1. Бір тарелкіде 4 алма болды. Асан келіп бір алманы алып кетті. Тарелкіде неше алма қалды.
3.

2. Ағашта 3 торғай қонып тұр екен. Қастарына 1 торғай қонды. Сонда ағашта неше торғай болды.
4.

3. Терезенің алдында 2 гүл тұрды мен келіп тағы 2 гүл қостым. Сонда терезенің алдында неше гүл бар?
4.

Балалар, бүгін біз қандай санмен таныстық. 4 саны неден құрылады екен? Бірліктен. Қандай бірліктен? 1,2,3,4. Кімге қандай ойын ұнады? Балалар ойларын айтады. Балалар, жарайсындар! Мен сендерге қуанып тұрмын. Бүгін тамаша ойын ойнадық.

Бүгінгі ойын іс әрекетіміз осымен аяқталды.




**«Нұрай» жеке балабақшасында
өткізілген ашық ойын іс-әрекеті**

Анықтама

05.12.2023 жылы «Балнұр» тобында тәрбиешісі Жәлігер София кіріктірілген ашық ойын іс-әректі тақырыбы «4 саны және цифрды құртымы ойын іс-әрекетінің ашылы бір сарынды.Қолдану әдіс-тәсілін,ламытушы ойындарын тиімді пайдалана алды, педагогтың дауыс ыргағы мен сөйлеу мәнері өте төмен. Белгіленген тақырып бойынша құрал-жабдықты қолдану тәсілдерін әскөре отыру.Күтілетін нәтижесі балалардың алған білімдерін қолдану барысында қортындылай білу. Педагогтың білімін бағалау нәтижесінде орташа деңгейде өткізді.

Әдіскер:



А.Айтабаева

«Нұрай» жеке балабақшасы ЖШС

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі: Л.Бакешова

Тексерілді: *Айгабыл*
Балабақша әдіскері: А.Айгабыл

**Заттың мөлшерін
санмен сәйкестендіру**

Ашық оқу іс-әрекеті

«Балнұр» ересек тобы

Тәрбиеші: Сағындықова Мәдина

2023-2024 оқу жылы

«Заттың мөлшерін санмен сәйкестендіру» ашық оқу іс-әрекеті.

Мерзімі: 30.11.2023ж

Мақсаты: Сан мен заттың арасындағы сәйкестікті табу. Заттарды санау қабілетін дамыту (5 саны көлемінде). Заттардың көлеміне қарай (үлкен-кіші), мөлшеріне қарай (аз-көп) салыстыруды жетілдіру. Сөздік қорларын молайту.

Барысы:

I. Ұйымдастырушылық кезең:

Тәрбиеші: - Көңіл күйлерін қалай?

«Сұрақ-жауап» ойыны.

Балалар бүгін сендер балабақшаға қалай келдіңдер? Балабақшаға келе жатып тоңып қалмадыңдарма? Ауа-райы қандай болып тұр? Ия, бүгін күз мезгілінің соңғы күні. Алдымызда қандай мезгіл келе жатыр? Жолда келе жатып нені байқалыңдар? Олар көпме? Азба? Міне балалар біздің айналамыздағы барлық заттар көлеміне қарай үлкен-кіші, ал мөлшеріне қарай аз-көп болады.

Тәжірибе: Үстел үстінде бірдей көлемдегі ыдыста суды әртүрлі көлемдегі ыдыстарға бөліп құю. Судың мөлшерінің өзгергені жайлы түсіндіру.

«Жұмыртқаны жар» тақтамен ойын.

Шарты: Жұмыртқа көлеміндегі қағазды ортасынан жұрту арқылы ішінде не барын анықтау. Сол затты санына қарай ленталы жолақшалармен цифрге сәйкестендіру.

«Досыңды таңда» ойыны.

Шарты: Ортаға топ басшысын сайлап алу. Топ басшысы өзіне дастар таңдайды. Сол бойынша қалаған ойын орталықтарына бөлінеді.

I- орталық: «Оюлы ұяшықтар»

Балалар арнайы кілемше үстінде ойнайды. Кілемшеде оюлы ұяшықтар берілген. Балалар Оюдың түрлері бейнеленген шаршыны лақтыру арқылы өзіне ұяшық таңдайды. Ұяшықтарда түрлі-түсті асықтар мен сандар жасырылған. Қай асық пен сан түссе ортадан соған сәйкес өзіне асық жинайды.

2- орталық: «Түрлі-түсті тамшылар»

Ламинатталған ақ қағаз бетінде түрлі-түсті стакандар берілген. Қағаз бетіне алдымен өсімдік майын жағады. Оның үстіне тамшуырдың көмегімен тамшылар тамызады. Тамшыларды ағаш таяқшаның көмегімен өз түсіне сәйкестендіріп стахвидарға жинайды.

3- орталық: «Марбле тастары»

Қағаз бетінде үлгі ретінде әртүрлі түске боялған 5-ке дейінгі сандар берілген. Астыңғы бөлігінде көп сандарды ішінен сәйкес санды тауып марбле тастарын қойып құрастырып шағады.

4- орталық: «Жаңбыр»

Балалар бұлттың бетіндегі санына қарай, тамшыларды сәйкестендіріп желіммен жапсырады.

Музыкалық ойын: «Пішіндерді топтастыр» ойыны.

Шарты: Ортада шеңберде сандар берілген. Алдымен ортада балалар музыка әуені ырғағы бойынша шеңберді айнала би қимылдарын жасайды. Музыка тоқтағанда сол санға сәйкес пішіндер тобын құрау керек.

Қортынды: «Сұрақ-жауап» ойыны.

*«Нұрай» жеке балибақшисында
ұйымдастырылған ашық іс-әрекетіне*

Анықтама

30.12.2023. жылы

«Балнұр» ересек тобы

Тәрбиеші: Сазындықова Мадина

Тақырыбы: «Заттың мөлшерін санмен сәйкестендіру»

Белгіленген ашық іс-әрекеттің құрлымы тақырыпқа сай. Ашық іс-әрекетінде ата-анамен бірлестік жұмыс болды. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игерді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, барлық дағдыны қамтылды. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған. Педагогтың дауыс ырғығы мен сөйлеу мәнері жақсы. Күтілетін нәтижесі балалардың алған білімдерін қалдану барысында қортындылай алды. Педагогтың білімін бағалау нәтижесінде жақсы деңгейде өткізді.

Әдіскер:




А.Айғабыл

ЗАТТЫҢ МӨЛШЕРІН САНМЕН СӘЙКЕСТЕНДІРУ



Тәрбиеші: Сағындықова М.



«Балұр» тобы

30.11.2023ж



«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітетін:
Балабақша меңгерушісі: Л.Бакешова



Тексерілді: 
Балабақша әдіскері: А.Айтабыл

АЛТЫН САҚА

Интеллектуалды-танымды ойыны



«Балнұр» ересек тобы

Тәрбиеші: Сағындықова Мәдина

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Алтын сақа» интеллектуалды ойыны

Мақсаты: Балаларды заман талабына сай әр дағды бойынша білімдерін кеңейте отырып, білім деңгейін байқау. Ұлттық құндылықтарын бойларына сіңіре отырып, ташқырлығын, шеберлігін, танымдық қабілетін айқындау. Сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Барысы:

Ұйымдастырушылық кезең:

Тәрбиеші: - Көңіл күйлерін қалай? Бүгін балалар «Алтын сақа» интеллектуалды – танымды ойынын ойнайтын боламыз. Алтын сақаның бас қатырғыш сұрақтарына бірге жауап табатын боламыз. Дайынбыз ба? Ең алдымен I. «Ханталапай» ойыны арқылы 3-топқа бөлінеміз.

1-топ: Қызыл түс

2-топ: Көк түс

3-топ: Сары түс

2. «Кім ташқыр?» сұрақ-жауап ойыны

Сұрақтары:

1. Жыл мезгілдерін ата. (қыс, көктем, жаз, күз)
2. Бағдаршамның түстерін ата. (қызыл, сары, жасыл)
3. Суретте қанша көбелек бар? (4 көбелек)
4. Ауырған науқасқа кім көмекке келеді? (дәрігер)
5. Үй жануарларын ата. (сиыр, жылқы, қой, ит, мысық)
6. Суда жүзетін көлік түрін ата. (кеме)

3. «Мақал айтып жарысайық»

Аңсағ: Шығысы жаман қамыстын

Су ішінде өрт шалар
Бейлі жаман адамның
Түйе үстінде ит қабар

Мелина: Денің сау болса, жарлымын деме

Жолдасың көп болса, жалғызбын деме

Әминә: Мышның түсін танығанша, бірдің атын біл

Заттың жанасы жақсы, достың ескісі жақсы

Біреу жаныңа жолдас

Біреу малыңа жолдас

Хадина: Дәнді шаппа, нанды баспа

Нан бар жерде ән бар

Нан тамақтың атасы, ыңтымақ көптің батасы

Айза: Оқпеден соққан жел жаман

Елінен безген ер жаман

Еліне сымаса кер жаман

Егін шықпаса жер жаман

Нұрәли: Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа

Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа

Елжас: Інісі бардың тынысы бар, атасы бардың жағасы бар

Ата-аналарына мақал жасыру.

4. «Сиқырлы ұяшықтар» ойыны:

1. Суреттегі қай ертегі кейіпкері? - «Бауырсақ» ертегісі
2. Ормандағы әжесіне балыш апарамын деп қасқырға алданып қалған қыз кім? Қай ертегі? - «Қызыл телпек»
3. Аудио жұмбақ: Қай ертегі үзіндісі? (Мақта қыз бен мысық)
4. Ертеде бір атай бақшасына шалқан отырғызыпты. Оны күнде суарып баптаған екен. Күндердің бір күнінде шалқан үлкен болып өседі. Атай шалқанды ары тартып, бері тартып шығара алмайды. Содан атай көмекке кімдерді шақырады? - әжейді, қызын, итін, мысығын, тышқанды көмекке шақырады.
5. Әуенді жұмбақ: Қай ертегі әуені?: (Алдар көсе)
6. Суретте қай ертегі? Жеті лақты кім ұрлап кетеді? - зұлым қасқыр ұрлайды.

5. «Ғажайып сандық» ойыны: сандық ішінде қандай зат бар сипаттап айтып беру.

7. Топқа бөлініп ойын ойнау:

1-топ: «Асық ату» ойыны

2-топ: «Қыз қуу» ойыны

3-топ: «Не жасырынған?» фонарик ойыны

Күтілетін нәтиже:

1. Сұрақтарға жауап беруге дағдыланады.
2. Ертегілерді баяндап, сөздік қорлары молаяды.
3. Мақал мәтел айтып жаттығады.

*«Нұрай» жеке балабақшасында
ұйымдастырылған ашық есік күніне*

Анықтама

Өтілген күні 24.02.2024 жылы

«Балтұр» ересек топ

Тәрбиешісі Сағындықова Мадина

Тақырыбы: «Алтын сақа»

Ашық іс-әрекеті барысында тақырыпты ашу мақсатында интеллектуалды танымды ойын барысында өткізілді. АКТ технологиясын қолдану әдіс-тәсілін тиімді пайдалана алды, педагогтың дауыс ырғағы мен сөйлеу мәдениеттілігі жақсы. Көрнекілікті қолдану тапсырма ретінде берілді, балалар қолдана алды. Ашық оқу іс-әрекеті е күтілетін нәтижесі балалардың алған білімдерін қолдану барысында қортындылай білу. Жаңаша тәсілде қолданды Педагогтың білімін бағалау нәтижесінде жақсы деңгейде өткізді.

Әдіскер:



А.Айгабыл



**29 НАУРЫЗ,
2024Ж**

«АЛТЫН САҚА»

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНЫ

"Баллур" ересек тобы



ТАРБИЕШІ: САҒЫНДЫКОВА

МАДИНА

«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекетемін *А.А.А.*
Балабақша меңгерушісі: Л.Вакешова

Тексерілді: *А.А.А.*
Балабақша әдіскері: А.Айғабыл

«Құстар біздің досымыз»

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

«Зерде» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Сағындықова Мәдина

2024 ЖЫЛ

Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру. Құстарға қамқор бола білуге, қорғауға, табиғатты сүйуге, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, анимациялық бейнетаспа көрсету, «микрофон» әдісі, сұрақ-жауап, мадақтау.

Керекті құралдар: Суретті атрибуттар, жемсауыт, гуашь, жеңкап, ылғалды майлықтар, дидактикалық ойынға арналған үлестірмелі материалдар.

Ойын орталықтары: «Ұлттық бұрыш», «Шығармашылық», «Мобильді кітапхана», «Табиғат бұрышы»

Оқу іс-әрекетінің барысы:

Тәрбиеші: Көңіл күйлерің қалай? Балалар, табиғат дегеніміз не?

Балалар: Табиғат - бізді қоршаған орта.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, айнала қоршаған ауамыз, ішкен суымыз, ағаштар, жануарлар, тіпті мына өзіміз, әрқайсымыз осы табиғаттың бір бөлшегіміз.

Құстардың дауысы шығады.

Тәрбиеші: Бұл ненің дауысы балалар?

Балалар: құстардың дауысы.

Тәрбиеші: дұрыс айтасындар. Табиғаттың ерекше жаратылысының бірі – құстар. Олар аспанда қанықтап ұнады, ұясын ағаштарға жасайды екен. Құстардың пайдасы- ағаштарды жәндіктерден қорғайды.

Тосын сәт: Топқа балалардың аналары қонаққа келеді. Қолдарында құстар бар.

Аналар: Сәлеметсіңдерме, балалар! Көңіл-күйлерің қалай? Балалар біз жолда келе жатып құстарды көрдік. Құстардың қаны ашып, тоңып қалыпты. Башыбақшаға ала келдік. Құстарды қонақ қыласындарма?

Балалар: Ия, қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер аналар! Алдымен балалар құстармен жақынырақ танысып алысын. (Құсты балаларға ұстатып, көрсету.)

Балалар құстарға жем шашып, суын ыдысқа құйып береді.

Аналар балаларға сұрақ қояды:

- Балапандар ұясынан құлап түссе не істеу керек?
- Құстың ұясын бұзуга болады ма?

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, құстарға әрдайым қамқор болуымыз керек. Балалар құстар ежелден адамзаттың досы екен балалар. Қалайша деп ойлап тұрсындарма балалар? Бұл жайында біздің мобильді кітапта аңыз-ертегі бар екен, тамашалаймызба?

«Мобильді кітаптан» «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін тамашалау.

Тәрбиеші: Көрдiңдерме балалар адамзат баласын азулы айдаһардан қорған қалған кiшкентай ғана қарлығаш құсы екен. Содан бері құстар адамзаттың досы болып саналған екен.

Коммуникативті дағдыны қалыптастыру. «Микрофон» әдісі арқылы балалардан тақпақ сұрау.

Бибіңур: Біз қамқоршы баламыз
Құстарға ұя саламыз
Жемдерін беріп қыс бойы
Көмекші бала боламыз
Өлең айтып ән шырақп
Құстармен дос боламыз

Нурикамал: Ой балалар, балалар!
Құстарда да ана бар
Құс ұясын бұзбайық
Обалына қалмайық!

Айбибі: Шыр-шыр еткен торғайды
Қорғамасак болмайды
Кіп-кішкентай торғайлар
Ағаштарды қорғайды

Аруназ: Қанаты бір тымпаған
Аспанда ұшып самғаған
Жауы шыбын-шіркейдің
Табиғатты қорғаған!

Осман: Қоныңдар құстар, қоныңдар!
Бәріңе төрден орын бар
Қанатты барлық достарға
Балалар қамқор болыңдар!

Ойын орталықтарына бөліну:

1-топ: «Тұмарды баулықпен әсемдейік» (құс қанаты оюы бейнеленген тұмардың жиегін баулықтың көмегімен кестелеу)

2-топ: «Әлемі құс» (Құс бейнесіне қауырсындарды жапсырып, қанатын жасаймыз)

3-топ: «Жемсауыт» (дәстүрден тыс сурет салу, жемсауытты гуашьпен бояу)

1.«Балапанға жол көрсет» дидактикалық ойыны.

Шарты: балапанға магниттің көмегімен заблудантты жолдан адаспай өз анасына баруға көмектесу.

2. Ойын: «Кім етті?»

Шарты: Шашылған дақылдарды еттілікпен жылдам ыдысқа жинау.

Қонақтармен қоштасу. Балаларды мидақтау!




Қыстап біздің досымыз! Тәрбиеші: Сағындықова Мәдина "Зерде" ортаңғы тобы



21.11.2024 жылы

«Нұраф» жеке балабақшасы

Бекітемін: 
Балабақша менеджері: Л.Бакешова

Тексерілді: 
Балабақша әдіскері: А.Айтабыл



«Жыл мезгілдері»

(Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті)

26.11.2024ж

«Зерде» ортаңғы тобы.

Тәрбиеші: Жәдігер С.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы түсінік беру, әр мезгілді өзіне тән ерекшеліктеріне қарай ажырата білуге үйрету. Балалардың сөздік қорларын молайту, есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, ойынға деген қызығушылықтарын ояту.

Әдіс – тәсілдер: АКТ технологиясы, дәстүрден тыс сурет салу, зерттеу, сұрақ-жауап.

Қажетті көрнекі құралдар: жыл мезгілдерін бейнелейтін атрибуттар, интерактивті такта, гуашь, ылғалды майлықтар, түрлі-түсті жүн, желім, дидактикалық ойынға арналған үлестірмелі материалдар және т.б.

Оқу іс-әрекетінің барысы: Қонақтармен сәлемдесу.

Тәрбиеші: Балалар, көңіл күйлерін қалай?

Балалар: Тамаша.

Тәрбиеші: Ендеше осындай керемет көңіл күймен «Жыл мезгілдері» атты ашық ойын іс-әрекетімізді бастайық.

Тәрбиеші: Балалар қазір қандай жыл мезгілі?

Балалар: Күз.

Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасындар күз мезгілі аяқталуға жақын қалды. Бірер күнде қыс мезгілі басталады. Осы секілді бір жылда төрт мезгіл болады. Олар ауысып тұрады. Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері болады. Ол қандай екенін экранға назар аударып тамашалайық.

Интерактивті тактадан «Жыл мезгілдері» видеоролигін тамашалау.

Балалар, өздерін көргендей жыл мезгілдері уақыты келгенде ауысып, түрлі құбылыстар болады.

Ал соның ішінде өзгермейтін, ол біздің күніміз. Ол әрдайым шуағын шашып, бізге жарық сыйлап тұрады. Балалар келіндер «Күн шуағы» ойынын ойнайық. Қарандаршы біздің күніміздің шуағы толық емес. Мына жердегі ұзынды-қысқалы жолақшалармен толықтырып шығайық. Күннің айналасына орналастырып шығамыз.

Тосын сый: Топка «Табиғат ана» қонаққа келеді.

Табиғат ана: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар, мен жыл мезгілдерін ауыстырып бақылаушы табиғат анамын. Балалар, менің қоржынымда қызықты ойындар бар. Менімен ойнайсындар ма?

Балалар: Иә.

Тәрбиеші: Табиғат ана, төрлетіңіз. Біз жыл мезгіліне жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Балалар қалаған ойын алаңына бөлінеді.

1-топ: «Сикырлы қар» ойыны.

Шарты: Алдын-ала желім жағылған қағаз бетіне тұзды себелеп, қардың бейнесін жасау.

2-топ: «Әдемі гүл» ойыны.

Шарты: Ойшыққа түсіне сәйкес жүнді түтіп салу.

3-топ: «Тамшылар» ойыны.

Шарты: Мақталы таяқшалар арқылы тамшыларды бейнелеу.

4-топ: «Алтын жапырақтар» ойыны.

Шарты: Қорапшаның ішінен жасырылған жапырақтарды тауып, коқыс шелектеріне бөліп салу.

Табиғат ана: Балалар, менің көйлегім өзіме ұнамай қалды. Менің көйлегімді әсемдеп беріңдерші.

Тәрбиеші: «Жыл мезгілдері» ойынын ойнаймыз.

Шарты: Жыл мезгілдерін құбылыстарына қарай сәйкестендіріп, орналастыру.

Қорытынды ойын: «Қай мезгілде болады?»

Шарты: Видеоролик арқылы балаларға сұрақтар қойып, жауабын алу.

Балаларды мадақтау. Қонақтармен қоштасу.

«Жыл мезгілдері», «Зерде» орманғы тобы
Жәдігер Софиа, 26.11.2024жыл

